

Муратбекова Альбина Мирзахановнаның
«6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
«Қазіргі кездегі Қытайдың Үндістанмен шекаралас аудандарындағы
әлеуметтік-экономикалық өзара ықпалдастығы: үлгілері мен мәселелері»
тақырыбындағы диссертациясына
АҢДАТПА

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертация Қытайдың Үндістанмен көпжақты, екіжақты және шекаралық қарым-қатынастарын зерттей отырып, ғаламдық, аумақтық және екіжақты бастамалардың жүзеге асырылуының шекаралық аудандардағы әлеуметтік экономикалық өзара ықпалдастыққа әсерін қарастыруға бағытталған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қытай мен Үндістан екі ежелгі өркениеттер және әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан экономикалардың қатарына жатады. Қазіргі уақытта мемлекеттер тек әлемдік тәртіпке әсер етіп қоймай, жаһанданудың жаңа толқынының пайда болуы туралы пікірталастарға ықпал етеді. Жібек жолы тұжырымдамасынан шабыттанған Қытай өзінің іске асырылған бірқатар жобаларына қоса, ішкі императивтері мен жаһандық бағдар арасында берік байланыс орнататын өршіл бастамасын іске қосты. Қытай жаһандану символына айналған «Белдеу және жол» бастамасымен (БЖБ) қатар, көптеген қатысушылары бар бірнеше ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыруда. Үндістан үшін де байланыс ішкі және жаһандық амбицияларының дамуында негізгі факторға айналды. Экономикалық тұрғыдан ықпалы әлдеқайда төмен болғанына қарамастан Үндістан 2025 жылға дейін Blue Economy Vision және Азия мен Африка арасындағы өркендеу дәлізі (AAGC) сияқты жобалар арқылы альтернативті байланысқа қол жеткізуді көздейді.

Институционалдық деңгейде бұл бастамалар БРИКС тетігі шеңберінде Жаңа Даму Банкі, БЖБ шеңберінде Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі (АИИБ) және Жібек жолы қорының құрылуы арқылы қолдау тауып отыр. Бұл институттар Жаһандық Оңтүстік тәртібіне неғұрлым жауапты және бағдарланған құрылымдарды құруға үлес қосты.

Экономикалық жағынан, мемлекеттердің амбициялары да жақсы қолдау табуда. Қытай бүгінгі күні номиналды ЖІӨ көлемі жағынан екінші орынды иеленеді, ал Үндістан алтыншы орында, алайда ХВҚ болжамдарына сәйкес Үндістан 2019 жылдың нәтижесі бойынша бесінші экономика болады деген болжамдар бар. Қысқа мерзімді болжамдарға сәйкес, БҰҰ-ның 2019 жылғы Дүниежүзілік экономикалық ахуал және перспективалары бойынша, Үндістан 2019-2020 жылдары ЖІӨ 7,6% өсімімен әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан экономика болып қала береді. Бұл Үндістанға Қытайдан алға шығуға мүмкіндік береді, себебі Қытай сол кезеңде 6,3% өседі. Осылайша, Қытай мен Үндістанның екіжақты және халықаралық қатынастары жаһандық маңызға ие болды.

Дегенмен, Қытай-Үндістан қарым-қатынастары тұрақты және достық қарым-қатынастар деп айта алмаймыз. Қытай-үнді қарым-қатынастары бірнеше

кезеңнен өткен. Алғашқы достық «Hindi Chini Bhai Bhai» (Үндістан және Қытай бауырлар) кезеңі 1962 жылғы соғыстан кейінгі дұшпандық кезеңмен алмасқан. Кейін, екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастар бірнеше ынтымақтастық кезеңдерін бастан кешіп, қазіргі жаһандану кезеңіне және жаңа бәсекелестік дәуіріне жол ашты. Алайда, мемлекеттер арасында бірқатар мәселелер қарым-қатынастарды қиындатады. Оларға шешілмеген шекара мәселесі, Далай-лама және Пәкістан мәселелері жатады. Осы мәселелердің ішінде, атап айтқанда, Шығыс пен Батыс аймақтарындағы ұзақ мерзімді аумақтық даулар ерекше назар аударуға лайық, өйткені шекаралық мәселе екі жақты қатынастардың негізгі кедергілерінің бірі болып табылады. Бұл стратегиялық келіспеушіліктерге Қытайдың Үндістанның Ядролық жабдықтаушылар тобына мүшелігіне қарсылығы, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелігіне қарсылығы және Қытайдың Далай-лама әрекеттеріне, соның ішінде 2017 жылғы Аруначал Прадешке сапарына қарсылықтарын жатқызуға болады. Әрине, бұл қарама-қайшылықтар әсіресе жергілікті деңгейде екіжақты ынтымақтастықтың дамуына тікелей және жанама түрде әсер етеді.

Алайда, Қытай және Үндістан арасындағы шекаралық қарым-қатынастарға жеткіліксіз назар аударылады. Біз Қытай және Үндістан мемлекеттерін жаһандық саясатта маңызды рөл атқаруға тырысқан ғаламдық және аймақтық күш ретінде қарастырамыз. Екі ел де қалыптасқан институционалдық тетіктерді қолданады, бірақ олардың ортақ шекаралас аумақтардағы өзара байланысы әлі де орнатылмаған. Сондықтан, жұмыстың негізгі мақсаты өзара әрекеттесудің әртүрлі деңгейлерін талдау арқылы, шекаралық қатынастардың моделін және кедергі келтіретін әртүрлі факторларын қарастыруға бағытталған.

Тиісінше, жұмыстың негізгі гипотезасы – көпжақты және екіжақты деңгейде Қытай-Үндістан қарым-қатынастары шекаралық деңгеймен салыстырғанда әлдеқайда жақсы дамыған. Шекаралық аудандардың тұрақтылығы мен қауіпсіздігі екі елдің экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін маңызды болғанына қарамастан, шекаралық аудандар дамымаған болып қала беруде. Дегенмен, тарихта бұл аудандардың өзара ықпалдастығы әлеуметтік байланыс қамтамасыз еткен кезеңде өте жақсы дамыған және аймақтың әлеуметтік жағдайы жоғары болған. Қазіргі уақытта екі ел де шекаралас аудандардағы жағдайды әлеуметтік-экономикалық жағынан емес, саяси призма арқылы қарастырады. Сондықтан елдер шекараны реттеу саяси мәселе екенін және болашақта бұл мәселені тек белгілі бір саяси себептермен шешуге болатынын түсініп жатса да, олардың ешқайсысы шекаралық аудандардың өзара әрекеттесуіне және байланысын қамтамасыз етуге мән беріп жатқан жоқ.

Қытайды көршілес күш ретінде және Үндістанды алыс көршісі ретінде қарастыратын Орталық Азия мемлекеттері үшін Қытай-Үндістан қарым-қатынастары өте маңызды. Қытай мен Үндістан Орталық Азия мемлекеттерінің ірі сауда серіктестері болып табылады және аймақпен терең тарихи және мәдени тамырларға ие. Сондықтан, екіжақты деңгейде Қытай мен Үндістан аймақтағы стратегиялық акторлар болғандықтан, Қытай-Үндістан өзара әрекеттесу моделін тереңдетіп зерттеудің қажеттілігі зор.

Зерттеу жұмысының мақсаттары және міндеттері. Диссертацияның мақсаты қазіргі заманғы кезеңде Қытайдың Үндістанмен даулы аумақтардағы әлеуметтік-экономикалық өзара әрекеттесуі және осы өзара әрекеттесудің модельдері мен мәселелерін анықтау болып табылады. Тиісінше, зерттеу келесідей **міндеттерді** көздейді:

- Қытай-Үндістан қатынастарының теориялық және тұжырымдамалық негіздерін талдау;

- Тарихи, саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан Қытай мен Үндістан үшін шекараның маңыздылығын және мәнін талдау;

- Қытай мен Үндістанның көпжақты және екіжақты институционалдық тетіктерінің шекаралық даулы аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық өзара әрекеттесуіне әсер ету дәрежесін зерттеу;

- Шекаралық мәселелердің негізін тарихи талдау және шекаралық ынтымақтастық бойынша мемлекеттердің ұстанымын қалыптастыратын эволюциясын зерттеу;

- Экономикалық өзара тәуелділіктің деңгейін бағалау үшін Қытай мен Үндістан арасындағы экономикалық өзара әрекеттесуді талдау;

- Жаһандық басқарудағы көшбасшылардың институционалдық және жеке күш-жігері мен ұмтылысын және олардың жаһандану үдерісіндегі рөлін, сондай-ақ осы тетіктердің шекаралас аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға әсер ету дәрежесін зерттеу;

- Шекаралас аудандардағы өзара әрекеттесу түрлерін және осы өзара әрекеттерге милитаризацияның әсерін зерттеу;

- Территориялық даулар мен екіжақты қарым-қатынастар жөніндегі ұстанымдардың қалыптасуы мен дамуына әсер еткен ішкі және сыртқы факторларды бағалау;

- Жалпы, қытай-үнді қарым-қатынастар туралы Қытай мен Үндістан өкілдігін сипаттайтын және шекара мәселесі бойынша жергілікті көзқарасты талдау.

Зерттеу жұмысының пәні – қазіргі заманғы Қытаймен Үндістанның көпжақты, екіжақты және шекаралық қатынастары.

Зерттеу жұмысының нысаны шекаралық даулы аймақтардағы Қытайдың Үндістанмен әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынасы.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Қытай-Үндістан қарым-қатынастары бойынша халықаралық және жергілікті ғалымдардың зерттеулері негізінде жасалған. Диссертациялық жұмыста тарихи шолу; салыстырмалы талдау (Қытай мен Үндістанның саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуы); ресми мемлекеттік құжаттарды жүйелі талдау; медиа-контент талдау; Қытай мен Үндістанның ғалымдары мен практиктерімен сұхбат жүргізу; жергілікті ғылыми бағдарламалар мен халықаралық стипендиялар шеңберінде талқылауға қатысу сияқты зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық негізі кешенді әдіске негізделген. Әлемдік аренада Қытай мен Үндістанның ықпалды ойыншылар ретінде пайда болуымен, бұл тенденцияның теориялық түсінігін анықтау қажет. Алайда, халықаралық қатынастар теориясының талдауы осы үрдісті тек біртұтас түсінуді ұсына алады.

Сондықтан, тезисте батыстық халықаралық қатынастар теориясының әртүрлі тәсілдері қолданылады, олар Қытай мен Үндістан арасындағы өзара әрекеттесудің әртүрлі кезеңдерін түсіндіреді. Атап айтқанда, жаһандандудың жаңа тенденциясы жаһандық күштің Азияға қарай жылжуын түсіндіреді және халықаралық қатынастардың азиялық көзқарастарына сәйкес келеді. Сонымен бірге, экономикалық өзара тәуелділік және аумақтық құндылық теориясы ХХ ғасырдағы Қытай мен Үндістан арасындағы екіжақты қатынастарды анықтауда шешуші рөл атқарды. Сондықтан, халықаралық қатынастар теориясын зерттей отырып, жұмыс жаһандану теориясы, экономикалық өзара тәуелділік және территориялық маңыздылық теориялары негізінде жасалған. Сонымен қатар, халықаралық қатынастар теорияларының макро деңгейдегі теориялары фрагментті қолданылған.

Диссертациялық жұмыстың деректік негізі ретінде үкіметтік және үкіметаралық дереккөздердің материалдары, жұмыс топтарының ресми баяндамалары, екіжақты комиссиялар, келісімдер, хаттамалар, ресми сөз сөйлеулер, мемлекеттік және үкіметтік емес көздерден алынған статистика, БАҚ-та сөйлеген сөздер және хабарландырулар қарастырылған. Сондай-ақ, монографиялар, ғылыми журналдардағы мақалалар және естеліктер қосымша деректер ретінде қолданылған.

Диссертациялық тақырыптың зерттелу деңгейі. Қытай мен Үндістанның саяси-экономикалық өсуіне байланысты халықаралық қоғамдастық бұл қарым-қатынастарды өте жоғары деңгейде қарастырды. Дегенмен, ғалымдар Қытай-Үндістан қарым-қатынастарын, сондай-ақ трансшекаралық мәселелерді зерттеуде әртүрлі ұғымдар мен тәсілдерді қолданады, сондықтан Қытай-Үндістан қатынастары, әсіресе трансшекаралық мәселе контексіндегі жұмыстар алты топқа бөлінеді.

Жалпы, қытай-үнді шекаралық қарым-қатынасы бойынша негізгі зерттеулерді халықаралық және үнділік ғалымдар жүргізеді. Қытай ғалымдарының зерттеулері бірнеше себептер бойынша салыстырмалы түрде таралмаған: біріншіден, Қытай 1962 жылғы соғысты жеңіл жеңіп алғаны үшін, шекара мәселесі Қытай үшін Үндістанмен қарым-қатынаста кішігірім мәселе болып саналады, ал Үндістан үшін шекара мәселесі екіжақты ынтымақтастықтың маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Екіншіден, 50 жылдық тыйым салудан кейін мұрағат құжаттары ашылғандықтан, қытайлық ұстанымның құқықтық негізі ақталды, сондықтан қытай ғалымдарына растауды қажет етпейді. Осылайша, диссертациялық жұмыс қытай-үнді ынтымақтастығының шекаралық перспективасын жан-жақты зерттеген халықаралық және азиялық ғалымдардың классикалық жұмыстарына негізделген.

Сонымен қатар, жергілікті әдебиетте Қытай-Үндістан қарым-қатынастарындағы шекаралық мәселе бойынша жүргізілген зерттеулердің жеткіліксіздігіне байланысты, Қытай-Үндістан қатынастарына қатысты халықаралық көзқарасты қамтамасыз ету үшін халықаралық әдебиеттер көп қолданылған.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы Қытай мен Үндістанның өзара іс-қимылының барлық деңгейлерін талдау арқылы шекарадағы Қытай мен Үндістанның өзара әрекеттесуінің аналитикалық көрінісін әзірлеуге бағытталған. Тиісінше, Қытай мен Үндістанның өзара қатынастарын түрлі деңгейде кешенді талдай отырып, зерттеу бірнеше жаңа тәсілдерді әзірледі, атап айтқанда:

- Диссертация жаһандану, экономикалық өзара тәуелділік және аумақтық даулардың маңыздылығы теорияларын біріктіру арқылы шекаралас аймақтардағы қазіргі Қытай-Үнді қатынастарын теориялық тұрғыдан тұжырымдады;

- Қытай-Үндістан қатынастарын әртүрлі деңгейлердегі қатынастарды, оның ішінде ғаламдық, аймақтық, екіжақты және шекаралық деңгейлерді зерттеу арқылы басқа деңгейлерімен салыстырғанда шекаралас аудандардағы әлеуметтік-экономикалық өзара әрекеттестіктің деңгейін салыстырмалы түрде көрсететін жаңа перспектива қалыптастырды;

- Шекаралық проблеманың пайда болуының тарихи зерттеуі екі тараптың ұстанымдары мен шекаралас ынтымақтастық туралы шешімдердің жергілікті тарихнамада көрсетілмеген көріністерін анықтады;

- Геосаяси ерекшеліктер, негізгі аймақтық мәселелер және көшбасшылықты қабылдау факторларды талдау арқыды, шекара мәселесі бойынша шешім қабылдау процесіне әсер ететін себептері көрсетілді;

- Екі мемлекеттің қазіргі басшылығының және академиялық қоғамның жеке қабылдауын зерттеу арқылы шекара ынтымақтастығының дамыту көрінісін ұсынды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдамалар:

1. Қытай-үнді қатынастарының эволюциясы және дамуы тұтастай алғанда және шекара мәселесі бойынша жаһандану, экономикалық өзара тәуелділік және аумақтық даулардың құндылықтарының элементтерін біріктіретін жан-жақты теориялық көзқарасты қажет етеді.

2. Әлемдік, аймақтық, екіжақты және шекара деңгейлердегі қытай-үнді қатынастарын жан-жақты талдау арқылы басқа деңгейлердегі қатынастардың шекаралас аудандардағы әлеуметтік-экономикалық өзара іс-қимылға әсер ететінін және кедергі келтіретінін көрсетеді. Сонымен қатар, шекаралас аудандардағы әлеуметтік-экономикалық өзара әрекеттесуді басқа деңгейлердің сипаттамаларын ескерусіз зерттеу мүмкін емес екендігі анықталды.

3. Екі елдің шекара және шекаралық өзара әрекеттестік тұжырымдамасына деген көзқарастары тарихта терең қалыптасқан. Тәуелсіздік алғаннан кейін үзілген шекаралық аудандардағы шектеулі әлеуметтік-экономикалық өзара әрекеттесудің негізгі себептері, мысалы, аумақтық даудың пайда болуы, 1962 жылғы шекаралық соғыс және шекара мәселесіндегі ұстанымдар болды.

4. Қытай-Пәкістан-Үнді үшбұрышы, Тибет мәселесі және қырғи қабақ соғыстың геосаясаты сияқты маңызды аймақтық проблемалар Қытай мен Үндістан арасындағы шекара қатынастарының дамуы мен қалыптасуына әсер еткені анықталды.

5. Қазіргі уақыттағы көшбасшылардың жеке қабылдауын зерттей отырып, Қытай мен Үндістанның жаһандық көшбасшылығының басымдықтары шекаралас аймақтардағы жағдайдың дамуына және шекаралас аудандардағы жергілікті тұрғындардың өзара әрекеттесуіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады деген гипотеза дәлелденді.

Зерттеу жұмысының ғылыми және қолданбалы маңыздылығы Қазақстанмен стратегиялық әріптестік орнатылған (Қытай 2005 жылдан бастап, Үндістан 2009 жылдан бастап) және жан-жақты қарым-қатынастары бар азиялық мемлекеттер арасындағы екіжақты қарым-қатынастарды түсіну қажеттілігінде негіз болады. Қытай Қазақстанның екінші сауда әріптесі, ал Үндістан – Қазақстанның жетекші сауда әріптесі. Сонымен қатар, Қазақстан АӨСШК, ШЫҰ секілді екіжақты платформалар мен тетіктер шеңберінде Қытаймен және Үндістанмен жұмыс жасайды. Сондай-ақ, Белдеу және Жол бастамасынымен интеграциясы шеңберінде Қазақстан Еуразиядағы бірқатар бастамаларға қосылды, ал Үндістанмен Қазақстан-Түркіменстан-Иран темір жолдары, Солтүстік-Оңтүстік халықаралық көлік дәлізі арқылы қосылу мүмкіндігі бар. Демек, Қазақстанның сыртқы саясатының тұжырымдамасына сүйене отырып, Қытай мен Үндістан аймақтағы негізгі мемлекеттер екенін айтуға болады және Қазақстанның көп векторлы стратегиясы Қытаймен және Үндістанмен тығыз ынтымақтастыққа жол ашады.

Іс жүзінде қытай-үнді қарым-қатынастарын түсіну маңыздылығын Қазақстандағы қытай және үнді мұнай компанияларының қатысуымен көрсетуге болады. Демек, зерттеудің нәтижелері Азия, Үнді мұхиты және Азия-Тынық мұхиты аймағы үшін аймақтық саясатты қалыптастыру кезінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, нәтижелер, әсіресе, көпжақты платформалар мен консорциумдер бойынша келіссөздер барысында Қытай-Үндістан ынтымақтастығы туралы хабардар болуды арттыруға ықпал етеді. Қытай-Үндістан қарым-қатынастарының мәнін түсіну Пәкістан, Бутан, Мьянма және т.б. сияқты басқа елдермен қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді. Сонымен қатар, тарихи мұраны қазіргі заманғы өзгерістерге байланысты синтездеу арқылы, бұл зерттеу шешімдердің негізінде жатқан себептерді нақты түсінуді қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, зерттеу Қытай мен Үндістанның тарихы, Азияның геосаясаты және Азия елдерінің халықаралық қатынастары сияқты курстарды жүргізуде қолданыла алады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Осы зерттеу барысында үш стипендия жеңіп алынды, оған қоса докторантураның ғылыми тағылымдамасы өтілді. Оқу барысында жүргізілген далалық жұмыстар мен ғылыми тағылымдамалар тізімі келесідей:

1. Фудан стипендиялық бағдарламасы, Фудан университеті, Шанхай, Қытай. Қытай саясаты және дипломатия – мамыр-маусым 2017 ж.

2. «ЕО, Орталық Азия және Кавказдағы халықаралық даму бағдарламасы» (EUCACIS), Берлин – мамыр 2017 ж. - қазан 2019 ж.:

- 1-ші PhD-мектебі – шілде 2017 ж.;
- 2-ші PhD мектебі – ақпан 2018 ж.;

- Ғылыми зерттеулерді Берлинде CIFE және IEP-да өткізу - ақпан-наурыз 2018 ж.

- 3-ші PhD мектебі – тамыз 2018 ж.

3. IТЕС бағдарламасы. IТЕС бағдарламасы аясында Джавахарлал-Нехру университетінде (Нью-Дели) дала жұмыстары жүргізілді – тамыз-қыркүйек 2017 ж.

4. Кембридж университетінің даму орталығында докторантура бойынша тәжірибе, Кембридж университеті, Ұлыбритания – қазан 2015 ж. - сәуір 2016 ж.

Осы тәжірибе аясында ғылыми семинарларда сөз сөйленді. Сонымен қатар, зерттеудің негізгі нәтижелері 8 халықаралық конференцияларда ұсынылды.

Жарияланымдар. Жалпы 9 мақала шығарылды, оның ішінде 3 мақала ККСОН тізіміндегі жарияланымдар, 1 мақала Scopus тізімінде индекстелген, 2 тарау және 3 мақала халықаралық конференция материалдарының жинағында жарияланған. Бұған қоса, 2 мақала халықаралық журналдарда қабылданды және 2019 жылдың соңында жарияланады.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация құрылымы екіжақты қарым-қатынастарды дамытудың үш кезеңін қарастыру үшін әзірленген: тәуелсіздікке дейінгі және кейінгі кезеңдегі тарихи перспектива және қазіргі кезең қамтылған.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, бес тараудан, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.